

**"Ақмола облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бекіту туралы" Ақмола облыстық мәслихатының 2017 жылғы 22 қарашадағы № 6С-16-7 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Ақмола облыстық мәслихатының 2023 жылғы 11 сәуірдегі № 8С-2-4 шешімі

Ақмола облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Ақмола облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бекіту туралы" Ақмола облыстық мәслихатының 2017 жылғы 22 қарашадағы № 6С-16-7 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6204 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген шешіммен бекітілген Ақмола облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ақмола облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, "Жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың үлгілік қағидаларын, қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың қағидаларын және "Ағаштарды кесуге рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 235 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 10886 тіркелді) сәйкес әзірленді және құқықтық мәртебесі мен шаруашылық қызметінің нысандарына қарамастан, барлық заңды тұлғалар, жеке тұлғалар, сондай-ақ аула және қоғамдық аумақтарды абаттандыруға жауапты лауазымды адамдар үшін Ақмола облысы бойынша қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру тәртібін айқындайды.";

2-тармақ алып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) абаттандыру – сол немесе өзге аумақты құрылыш және мақсаты бойынша қалыпты пайдалану үшін жарамды жағдайға келтіру, халықтың дені сау, жайлы және мәдениетті өмір сұру жағдайын жасау мақсатында жүзеге асырылатын жұмыстардың ( аумақтарды инженерлік дайындау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жолдарды салу, коммуникациялық жөлілерді және сүмен жабдықтау, көріз, энергиямен жабдықтау құрылыштарын, жабындар құрылғыларын дамыту, монументті өнердің шағын сәулеттік

нысандары мен объектілерін орналастыру, көгалдандыруды жобалау, шу деңгейін азайту, микроклиматты жақсарту, ауа бассейнін, ашық су айдындары мен топырақты ластанудан қорғау бойынша) және көрсетілетін қызмет (аумақтарды құрғатуға және көгалдандыруға тазалау, жинау, санитариялық тазалау бойынша) жиынтығы;

2) жалпыға ортақ пайдаланылатын орындар – халық үшін қолжетімді немесе ашық болатын аумақтар, объектілер;

3) қатты тұрмыстық қалдықтар – қатты түрдегі коммуналдық қалдықтар;

4) өтпе жол – тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттарға, мекемелерге, кәсіпорындарға, шағын аудандар, орамдар, елді мекендер ішіндегі құрылыш объектілеріне көлік құралдарының кіруін қамтамасыз ететін жол элементі;

5) тротуар – жаяу жүргіншілердің жүруіне арналған, жолдың жүру бөлігімен шектесетін немесе одан көгалмен немесе арық жүйесімен бөлінген жолдың элементі;

6) уәкілетті орган – коммуналдық шаруашылықты реттеу саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі;

7) үйім – абаттандыру саласында маманданып жүрген жеке немесе занды тұлға;

8) халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары – егде жастағы, мүгедектігі бар адамдар, өз бетінше жүріп-тұру, көрсетілетін қызметтерді, ақпаратты алу немесе кеңістікте бағдарлану кезінде қыындық көріп жүрген, оның ішінде балаларға арналған арбаларды және (немесе) кресло-арбаларды пайдаланатын адамдар;

9) шағын архитектуралық нысандар – декоративтік сипаттағы және іс жүзінде пайдаланылатын объектілер (мұсіндер, субұрқақтар, барельефтер, гүл құмыралары, павильондар, құркелер, отырғыштар, құтылар, балалар ойындары және ересектердің демалысына арналған жабдықтар мен конструкциялар);

10) іргелес аумақ – ғимараттар, құрылыштар, қоршаулар, құрылыш алаңшаларының, сауда, жарнама объектілеріне және жеке немесе занды тұлғалардың балансындағы, меншігіндегі, иелігіндегі, жалға алуындағы басқа объектілер шекараларына тікелей (периметрі бойынша 5 метр шекара дағы) жанасып жатқан аумақ.;"

17 және 18-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Жеке занды тұлғалар, олардың қызметі нәтижесінде пайда болған коммуналдық қалдықтары пайда болған кезінен бастап қалдықтармен қауіпсіз жұмыс істеуді және қалдықтарға арналған контейнерлерде (бұдан әрі –контейнер) жинақтауды қамтамасыз етеді.

18. Коммуналдық қалдықтарды басқару Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 508 бүйрығымен бекітілген Коммуналдық қалдықтарды басқару қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26341 болып тіркелген) нормаларымен реттеледі.;"

18-1, 18-2, 18-3, 18-4, 18-5, 18-6 тармақтар алып тасталсын;

19-тармақ алып тасталсын;

20 және 21-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Үй иелерінің аумағында Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің міндеттін атқарушының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығымен бекітілген "Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сактауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21934 болып тіркелген) талаптарына сәйкес мамандандырылған көлік үшін ыңғайлыш кірме жолдармен контейнерлерді орналастыруға арналған арнайы алаңдар болады.

21. Контейнерлерге және контейнерлік алаңдарға тек коммуналдық қалдықтарды тастауға және жинауға жол беріледі.";

22-тармақ алып тасталсын;

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Контейнерлер босатылғаннан кейін сол жерде дезинфекциялық ерітіндімен өнделеді немесе босатылған орындарда өндеуден өткен тазаларына ауыстырылады. Контейнерлерді өндеу орындарын тазалауға, жууға және дезинфекциялауға арналған, ыстық және сұық су өткізілген, судың ағып кетуі үйымдастырылған құрылғылармен жабдықтау қажет.";

26-тармақ алып тасталсын;

27 және 28-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Контейнерлік алаңдарды және контейнерлерді пайдаланатын және оларға қызмет көрсететін үйымдар:

1) контейнерлік алаңдарды, контейнерлерді және оған іргелес аумақтарды тиісті санитариялық күтіп-ұстауды қамтамасыз етеді;

2) оларға уақтылы жөндеу жүргізеді және одан әрі пайдалануға жарамсыз контейнерлерді ауыстырады;

3) қоқыс қабылдайтын камералардың, алаңдардың, сондай-ақ қалдық жинағыштардың тұрақты жуылуын, дезинфекциялануын, шыбындарға, кеміргіштерге қарсы дезинсекциялануын, дератизациялануын қамтамасыз ету бойынша шараларды қабылдайды.

28. Контейнерлерден коммуналдық қалдықтарды тасымалдауды жүзеге асыратын мамандандырылған көлікке тиеу кезінде шашылып қалған қоқыстарды жинауды оларды шығаратын үйымның жұмыскерлері жүргізеді".

2. Осы шешім реңсми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облыстық мәслихатының төрағасы

Б.Жусіпов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК